Шараның мақсаты - жастардың оқуға деген құштарлығын ояту. Мұнда жас оқырмандар өздерінің сүйікті жазушыларының, ақындарының шығармаларын, өлеңдерін басқа оқырмандарға оқып беріп, неліктен ұнайтынын айтып, осы шығармаларды оқуға үгіттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл дауыстап оқу шарасында Абай Құнанбаев, Қадыр Мырза Әли, Фариза Оңғарсынова, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сынды ақын жазушылардың өлеңдері мен шығармалары оқылды.

Нұра мектебінің жас мұғалімі Айза Мұстафина Қадыр Мырза Әлидің өлеңдерін кішкентай кезінен сүйіп оқитынын және оның өлеңдері оның жан дүниесіндегі әлемді жазатынын, ақын өлеңдерін оқыса жаны жай тауып, қиялдарға самғайтындығын айтып «Әр күн сайын құлшынып», «Не жетеді түсініске», «Желбірейді далада жақсылықтың тілегі» атты өлеңдерін оқыды. Әкім аппараты қызметкері Шайзада Сейсенбай Абай Құнанбаевтың өлеңін оқуға шақырып, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінен нәр алатындығын, әр қазақ Абайдың өлеңдерін жатқа білуі қажет екендігін айтып, «Ғылым таппай

мақтанба» және «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдерін жатқа оқып берді. Ал Нұра мектебінің оқушысы Сұраухан Ақбота Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқып, өзінің оқу мәнерімен, екпінмен көрермендерді тебірентті.

Учаскелік аурухана дәрігері Хавсәлем Саулеш Ф.Оңғарсынованың «Мен сонда жылап қалғам» деген өлеңін оқып, оқырмандарды ақын өлеңдерімен терең танысуға шақыра отырып, өзіне Мұхтар Әуезовтің кітаптары да жақын екенін айтып «Қараш-қараш оқиғасынан» абақтыдағы Бақтығұлдың ұлы Сейітке оқу оқы деп ақыл айтқан үзіндісін әсерлі жеткізіп берді.

Шара өте тартымды өтті. Тақырыпқа сай кітап көрмесі жасалды. Көрмеде оқырмандар Н.Бердалының, Ә.Тәжібаевтің, М.Мақатаевтың, Б.Қарағызұлының т.б. ақындардың өлеңдерімен және Әбіш Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романымен, «Шандоз» деректі-тарихи баянымен, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпанымен» танысты.

Бұл акциядан оқырмандардың алары көп болды деп ойлаймын, өйткені басқа оқырманның оқып, жатқа айтып берген өлеңі, шығармасы ойларында ұзаққа сақталып, әрі сол оқылған үзіндіні жалғастырып оқуға құштарлықтары ашылады.

Кітапханаға келіп өз біліктіліктеріңізді арттыра түсіңіздер. Кітап оқыған адамның тілі көркем сөзге бай болары анық. Сондықтан, жастар, кітап оқудан жалықпаңыздар, кітап заманымыздың мәңгі шамшырағы екенін ұмытпайық.

**Г.СҮЛЕЙМЕНОВА,
Ғ.Мұстафин кенті модельді кітапханасының меңгерушісі**

Незабываемый праздник для детей

Веселый и яркий праздник прошел в минувшую субботу в загородном комплексе "Baiterek resort" для детей с особыми потребностями.

Организаторы праздника - районный отдел занятости и социальных программ, отделение социальной помощи на дому по уходу за детьми-инвалидами постарались сделать праздник теплым и интересным, пригласив на него своих подопечных, проживающих в Уштобинском сельском округе.

Как пояснила руководитель отдела занятости и социальных программ Гульжан Абжанова, мероприятие проводилось в рамках благотворительной акции "Жүректен жүрекке" - "От сердца к сердцу".

В Послании "Конструктивный общественный диалог - основа стабильности и процветания Казахстана" Глава государства К.Токаев говорил об оказании особого внимания семьям, у которых на попечении находятся дети с ограниченными возможностями. Отрадно, что в нашем районе есть предприниматели, которые не на словах, а на деле всегда готовы оказать помощь и поддержку нуждающимся. Одним из таких предпринимателей является владелец загородного комплекса "Baiterek resort", ставший

главным спонсором этого мероприятия и мы ему очень благодарны, - сказала Г.Абжанова.

На праздник были приглашены 20 детишек и каждому из них не пришлось скучать на этом веселом мероприятии. Дети пели, танцевали, играли в занимательные игры и викторины. А помогли им в этом аниматоры, которые постарались, чтобы каждому ребенку, пришедшему на праздник, было по-настоящему весело и чтобы хоть на некоторое время они забыли о своем недуге. И вот уже спустя некоторое время на импровизированную сцену вышли и сами гости праздника. Каждый из них подготовил небольшой номер. К примеру, Асыгат Булбул выразительно прочитала стихотворение Абая Кунанбаева "Жасымда ғылым бар деп ескермедім", Айнура Бекжанова подготовила кюль "Тепен көк", а победительница областного конкурса среди людей с ограниченными возможностями "Разные - равные" Бажиева Корлан исполнила песню "Анашым".

Маленьких гостей с мамами поприветствовали заместитель акима района Айдын Алимов, руководитель районного отдела занятости и социальных программ Гульжан Абжанова. Слово предоставили и мамам детей. Багила Тыкибаева поблагодарила организаторов и спонсора праздника, а также руководителя отделения социальной помощи Д.Жанибекову, социальных работников Н.Шоптыбаеву и С.Баянову.

А после развлекательных игр и конкурсов детей ждало вкусное угощение, памятные подарки и прогулка в парке зоны отдыха.

Получив массу положительных эмоций, дети с удовольствием делились своими впечатлениями.

Асыгат Булбул (10 лет): Мне здесь очень понравилось. На праздник я пришла вместе с мамой Багилей и сестрой Ансаган. Больше всего мне запомнились танцы. А еще я очень люблю петь. В следующий раз обязательно спою песню на казахском языке.



Эльмира Адамова: Увидела, сколько счастья было в глазах моей дочери Томирис! Обычно она не любит шум, громкую музыку, а тут активно стала участвовать в празднике. Больше всего ей понравились аниматоры и веселье



игры. Спасибо большое организаторам за этот незабываемый праздник для наших детей.

А.ЖУМАКАЕВА

Фото Д.Торжанова.



Отбасы – алтын діңгек

Біздің қоғамда отбасының орны ерекше. Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі - дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі - дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Қазақ халқы баланы дүниедегі бар асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына балаған. Сондықтан халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар», «Босағасын алтыннан соқсаң да, перзент сүймей, адамның мейірі қанбас» деп баланы ерекше қадірлеп, оның өсіп жетілуіне айрықша мән берген. Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз.



Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әкешенің ең маңызды міндеті.

Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы – бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы – балаға, бала тәрбиесіне, болашағына

көп көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне – «Бала тәрбиелеу - болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет. Адамзат өзінің байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін ат салысып, адамдарды ізгілік пен қамқорлыққа шақыруы көңілге қонымды.

Отбасын қолдап, нығайтуға байланысты, қыркүйек айының екінші жексенбісінде Отбасы күнін атап өту дәстүрге айналып келеді. Отбасы күніне орай аудандық орталық модельді кітапхана, аудандық балалар кітапханасы, ақпараттық библиографиялық секторы және ішкі істер басқармасы бірлесіп, кент тұрғындарына «Отбасы – алтын діңгек» атты іс-шарасын өткізді. Мерекелік кешке кітапхана оқырмандары, мемлекеттік мекемелермен қатар ішкі істер басқармасының қызметкерлері қатысты. Көрермендерге «Отбасы – тіршілік тірегі» атты кітап-көрме ұйымдастырылды. Көрмеге отбасы тақырыбында жазылған кітаптар мен «Жұлдыздар отбасы», «Ақ босаға», «Отбасы және денсаулық», 2018-2019 жылдары аралығында баспасөз беттерінде жарық көрген тәрбиелік, психологиялық тақырыптарында жазылған «Қазақтың отбасылық дәстүрлері», «Қазақ отбасы», «Жанұя мен мектептегі тәрбие», «Отбасы және мектеп», «Отбасы тәрбиесі – рухы биік, қуатты мемлекет негізі», «Отбасылық өмірге дайындау», «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Кешегі бозбала мен бойжеткен бүгінде салықалы азамат, ардақты ана», «Айқын» газетінде «Қазақтың отбасы – ұлт берекесі» және тағы басқа мақалалар оқырмандар назарына ұсынылды. Сонымен қатар көрмеге кітапхана қорында сақталған әлемге танымал жанұялар - Елбасы Н.Ә.Назарбаев, Б.Обама, Ұлыбритания ханшайымы Елизавета II және мәдениет пен өнер саласында жүрген танымал отбасылар туралы кітаптар мен мерзімді басылымдар беттеріндегі мақалалар да қойылды. Көрмені кітапхана пайдаланушылары тамашалап, оларға жанұя, отбасы құндылықтары туралы ақпарат берілді. Көрмені тамашалаушылар отбасы құндылықтары туралы ойларын ортаға салып, өзара пікір алмасты.

Отбасында мейірім көріп, әжесінің ертегісін тыңдап, атасының батасын алып, әке-шешеден өнеге көріп өскен бала қанаты қатайып, үлкен өмір жолына құлаш ұрғанда да жанына жақсыларды жинап, жарқын бастамаларды жатырқамай қабылдап, ел-жұртқа пайдасын тигізіп жүреді. Шағын мемлекет – отбасы қуатты болса, ел де қуатты.

Ұлт перзенті Бауыржан Момышұлы: «Жаудан да даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әженің азаюынан қорқам. Дәмді, дәстүрді білмейтін балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш



берсе, кімді де шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке-шеше жоқ». Бауыржан атамыз бүгінде арамдыда жоқ, ол кісі кетерген осы мәселеге алаңдауға, ұрпағымызды арандатпауға тиіспіз. Отбасындағы зорлық-зомбылық туралы ішкі істер басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау полиция майоры Гүлдана Үмітбаева айтып өтті.

Балалардың қатысуымен Бұқар жырау ауданының ІІБ аға инспекторы, полиция майоры Виктория Канина «Внимание, дети!» жол-көлік оқиғаларының алдын алу жайлы ақпарат берді. Сонымен қатар іс-шара қатысушыларына медиация



деген сөздің мағынасын, қазақ халқының ұлттық болмысына ең жақын ұғым - медиатор туралы Мариваш Ибраева айтып өтті.

Іс-шара соңында осы тамаша күнді үрдіске айналдыру мақсатында, қатысушылар бірін-бірі Отбасы күнімен құттықтап, ізгі тілектер тіледі.

Индира АСҚАРОВА, аудандық орталық модельді кітапханасының оқу залының аға кітапханашысы

Ұлт болмысын сақтаушы

«Өткен күн – кешегі тарих, келер күн – ертеңгі сыр, бүгінгі күн – үлкен сый» демекші, ауданымыздың ғана емес, еліміздің тарихына қатысты құнды жәдігерлер қорын сақтаушы өңіріміздің төріндегі маңызды нысандардың бірі – архив мерейлі 30 жасқа толып отыр. Осынау атаулы күн тек архив ұжымы үшін ғана мерейлі емес, барша аудан жұртшылығы үшін бағалы екендігі рас. Біз оның дәлелін мерейтой иелерін құттықтап, ізгі тілектерін арнауға келген жерлестеріміздің көптігі мен ыстық қошеметтерден аңғардық.



Шежіре қоймасы ғана емес, ұлттың қазынасына айналған архивтің қызметкерлері сөрелерде том-том болып тізілген тарихтың құнды жәдігерлерін шаңтозаң қондырмай көздің қарашығындай сақтаушы ретінде ғана емес, ауданымыздың тыныс-тіршілігіне белсенді араласып, аталып өтетін мерейлі мейрамдардың басы-қасында жүретін, игі бастамалардың алдыңғы легінде тұратын белсенділіктерімен ерекше құрметке, жоғары марапаттарға лайықты жандар. Көзге көрінбейтін жүгі ауыр қызмет жолында, өнерден кенже қалмай жүрген архив ұжымы мерейлі күнде тағы да бір тамаша қырларынан танылды десек болады.

30 жылдық мерейтойға келген қадірменді қонақтарды архив пен музей қызметкерлері бірлесіп ұйымдастырған «Архив – тарихи шежіре қоймасы»,



өңірімізде өткізілетін әр мерейлі мейрамдардың ажарын ашатын аудандық орталық кітапхана ұжымы ұйымдастырған «Архив – бұл тірі тарих» көрікті көрмелерін аудан басшысы көрермендермен бірге тамашалап, той төріне шықты.

Халқымыздың бай тарихи шежіресін сақтап, оны өскелең ұрпаққа құнды күйінде жеткізу жолында тер төгіп жүрген архивіміздің мерейтойына аудан басшысы Шагурашид Мамалинов бастаған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нельдыбаев, аудандық мәслихат хатшысы Асхат Әли жалғаған ел ағалары той төрінен табылды.

Әдемі безендірілген зал, мерекелік көңіл-күйде



«Эдельвейс» үлгілі-хореографиялық ансамблінің «Шашу» биімен мерейтой басталып кетті. Мерейтой иелерін құттықтаған аудан басшысы:

- Аудандық мұрағат қызметінің тарихы біздің халқымыздың тарихымен тығыз байланысты. Сіздердің қызметтеріңіз халықтың тарихи, мәдени құндылықтарын, біздің күрделі тарихи жолы мен оның дамуында маңызды рөл атқарған тұлғаларды, естеліктерді сақтауға бағытталған,- дей келе, аудан әкімінің құрмет грамотасын архив басшысы Дана Шибееваға табыстады.

Ш.Мамалинов дәл осындай құрмет грамотасымен архив қызметкерлері Қадияша Қунуспекованы, Айман Жұмагелдинованы, Зейнеп Ахметованы марапаттап, гүл шоқтарын табыстады.

Архив - ең алғашқы Жәңгір ханның басқаруы кезінде Бөкей Ордасында құрылып, бүгінгі күнге дейін өміріміздің бір бөлшегіне айналып келеді. 30 жыл халық игілігіне жұмыс жасап келе жатқан аудандық мемлекеттік архивіміздің ең алғашқы құрылған сәтінде басшысы болған Баттал Әдиетовтің тынымсыз еңбегі мен маңдай терінің арқасында мұрағат жағдайы жоғары сатыларға көтерілген. Ең алғашқы мұрағатшылар болып Г.Барабаева, З.Бақтығалиева еңбек етсе, кейіннен Сара Айсанованың басшылығында Гүлнара Абжанова, Кенжеш Адиетова, Бақыт Түспекова, Нағима Дуқуевалар қызмет атқарған. Өткеніміз бен бүгінгімізді жалғаушы алтын көпір болған архивтің атқарылған, атқарылатын жұмыстарына тоқталған Дана Шибееваның баяндамасы аудандық мұрағат тарихын есімізге түсірді.

Келесі құттықтау тілек легін жалғаған Ерлан Нельдыбаев архив саласының біздің қоғамдағы маңыздылығын айта келе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының құрмет грамотасымен архив қызметкерлері Әсел Отыншинаны, Анар Байжанованы, Бибінұр Қалижанды, Айдана Қонысбаеваны, Әсел Балпанованы марапаттады.

Сонымен қатар кеш барысында көгілдір экран арқылы Б.Әдиетов ағамыздың жұбайы Ш.Абдрахманова, П.Аринов ағамыз ізгі тілектерін жолдады.

Әр шарада ардагерлерін ардақтап төріне көтеретін архив қызметкерлерінің үлкенге деген ізеті бұл жолы да өзгелерге үлгі болды. Ауданымызға қатысты қаншама мәліметті жинақтап, тіркеліп, кейінгі ұрпаққа табыстаған ардагер қызметкерлерге бұл күні ерекше құрмет көрсетіліп, гүл шоқтары табысталды. Архивімізге ұзақ жылдар бойы басшылық еткен Сара Айсанова апамыз өзінің жүрекжарды тілегін білдірді. Аудандық архивте сара жолымен жастарға үлгі болған Сара апамыздың ақ тілегін облыстық мемлекеттік архивінің басшысы Жанаял Тұрсынова, Қарағанды қаласының мемлекеттік архивінің басшысы Мейрам Кенжебергенов, облыстық ғылыми-техникалық құжаттама архивінің басшысы Темірғали Аршабеков, Саран қаласының мемлекеттік архивінің басшысы Айдын Күлжанбеков, Абай ауданының мемлекеттік архивінің басшысы Галина Пак жалғады.

Бұл күні айтылған ақ тілектердің нүктесін ауданымыздың құрметті азаматы, еңбек ардагері болған Көпей Жұмашевтің қызы Жібек Жұмашева мен ауданымыздың құрметті азаматы, мәдениет майталманы Мүгүлсім Шибеева қойды. Мүгүлсім апамыз ауданымызда өтетін үлкен-кіші шараларды жандандырып, құлпыртып өткізетін аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің, мәдениет, мұражай, мұрағат, «Руханият» қосымша білім беру орталығы қызметкерлерінің арқасы екендігін атап өтті. Ақ тілектермен өріліп мәнді марапаттар



мен жалғасқан әдемі кеште Ақзер Мұхамедқали, Қазбек Талашев, «Руханият» қосымша білім беру орталығының ұстазы Алмат Есманов, «Арқа саздары» тобының өсерлі әндері, «Эдельвейс» үлгілі-хореогра-



фиялық ансамблі мен «Руханият» қосымша білім беру орталығының «Шұғыла» тобының әсем билері мен Жұмағали Елжанов ағамыздың арнауы орындалып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.



Өткенімізді жаңғыртып, өшкенімізді қайта жағу жолында Елбасы ұсынған «Архив-2025» бағдарламасымен 30 жылдық тарихы бар мұрағатымыз ұлтымыздың ұлықтығын дәлелдейтін деректері мен құнды құжат-



тары арқылы ұлт тарихын келер ұрпақ санасына сіңіру жолында жаңа баспалдақтардан көрінеріне сенеміз.

Б.ЖАКЕШОВА

Д.Торжановтың суреттерінде: мерекелік марапат; көрікті көрме; құрметті ардагерлер; «Эдельвейс» ансамблінің әсем биі.



Bastau
школа бизнеса

Қыркүйек айының 11-і күні «Бәйтерек» мейрамханасында тұрғындардың қаржылық

сауаттылығын арттыру және жаңа кәсіп көздерін ашу мақсатында кәсіпкерлер палатасының тікелей мұрындық болуымен «Бастау бизнес» жобасының тегін оқыту курстарының төртінші легі бастау алды.

Ауданымыз бойынша аталмыш жоба белсенді түрде жалғасып, бүгінгі күні жерлестеріміздің кезекті легі кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгеруге кірісіп кетті. Тегін оқыту курстарының төртінші легінде 65 бұқар-жыраулық тұрғын жас ерекшелігіне қарамай қайта



партаға отырып, кәсіпкерлік негіздерін меңгерудегі алғашқы қадамдарын жасады.

Курстың алғашқы күнінде жеке даму бойынша кеңесші Айдана Арман күнделікті жоспар құруға және сол арқылы пайдасы жоқ істерден арылуға қадам жасауға үйрену сабақтарын өткізді. Кәсіпкерліктің қыр-сырын ашып, өз кәсібін дөңгелетемін деген қатысушылар алғашқы сабаққа белсенді атсалысты. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалының директоры Бахтияр Жаңбырбаев қатысушыларды курс сабақтарының алғашқы күнімен құттықтап, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Айта кету керек, бүгінгі күні аталмыш курсқа сұраныс саны артып, кәсіпкер атануға ынталы жандар жас шамасына қарамай өз белсенділіктерін танытуда. Солардың бірі 57 жастағы 6 баланың әкесі Сейфолла Бокаев ағамыз кәсіпкерлік курсын тәмамдаған соң ірі қара мал сатып алып, ет, сүт бағытында өсіруді жоспарлап отырғандардың бірі.

Ал, доскейлік Дәрігүл Кудабаяева отбасылық жағдайына байланысты жұмысынан өз еркімен шығып, алдағы уақытта үйде отырып өз кәсібін ашсам деген оймен курс қатысушыларының қатарына қосылыпты. Сейфолла ағамыз бен Дәрігүл сынды өз кәсібін ашуға мүдделілер қатары жетіп артылады. Солардың алдыңғы легі ойға алған мақсаттарын жүзеге асырып, кәсіпкерлік мектебін тәмамдаған соң төмендетілген шағын несиелерін қолына алып, бүгінде біреулердің қиялдағы арманын шындыққа айналдырып жүр.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы ұсынған мәліметтерге сүйенсек, ағымдағы жылы «Бастау бизнес» жобасының тегін оқыту курсының 3 легі бойынша – 111 адамға сертификат табыста-



лып, соның ішінде 50-і жеңілдікпен шағын несиеге, 12-сі көп балалы аналарға арналған мемлекеттік грантқа ие болып, діндеген мақсаттарына жетіп отыр. Сонымен қатар жастарға арналған «Жас кәсіпкер» курсы бойынша – 107 адам сертификатқа ие болып, оның 21-і несие алып армандарын жүзеге асыруда.

Кәсіпкерлік мектебін тәмамдаған, тегін курсқа жазылуға ниет білдірген, бүгінгі күні білім алып отырған барша тұрғындармен қоян-қолтық жұмыс жүргізіп отырған аудандық кәсіпкерлер палатасының басшысы Б.Жаңбырбаев өз сауалымен есімізді қаққан кез-келген жерлесімізге тиісті мамандар көмек көрсетіп, кеңес беруге дайын екендігін айтады. Ал, біздің тараптан айттарымыз жұмыссыз, өз ісін жаңа бастап жатқан кіші және орта бизнесін дамытқысы келетін азаматтарға кәсіпкерліктің өліппесін ашатын «Бастау бизнес» курстарының қатысушы боламын десеңіз 5-қазан, 4-қараша күндері өз ісіңізді ашуға мүдделі екендігіңізді көрсететін тестілеудің қатысушысы болуға асығыңыз.

Б.ЖАКЕШОВА
Д.Торжановтың суреттеріңде: Б.Жаңбырбаев жоба қатысушыларының сұрақтарына жауап берді.

Все об ОСМС

Что даст новая система медицинского страхования?

На сегодняшний день недостаточное финансирование ограничивает доступность к тем или иным видам диагностики или технологии, возможность приобретения необходимого медицинского оборудования, в том числе дорогостоящего, укомплектования квалифицированными кадрами и повышения их заработной платы. Всё это в итоге приводит к снижению качества проводимых лечебно-диагностических мероприятий.

Поэтому возникла необходимость в дополнительном финансировании системы здравоохранения. Опыт передовых стран показывает, что наиболее оптимальной формой финансирования является медицинское страхование, когда за здоровье населения страны солидарную ответственность несут и сами граждане, и государство, и работодатели.

«На сегодня поставщиками Фонда только в Карагандинской области являются 118 медицинских организаций, 62 из которых – частные. Данные свидетельствуют о том, что частные организации поддержали инициативу Фонда и сейчас активно подают документы для участия в размещении объемов медицинских услуг. При этом будут обеспечены равные условия и возможности, как для государственных, так и для частных больниц и поликлиник», - говорит директор филиала по Карагандинской области НАО «ФСМС» Фазыл Копобаев.

Система обязательного социального медицинского страхования (далее – ОСМС) – это государственная система социальной защиты интересов в сфере охраны здоровья населения.

Обязательное социальное медицинское страхование гарантирует всем гражданам Казахстана, оралманам, а также иностранцам и лицам без гражданства, постоянно проживающим на территории Казахстана, независимо от пола, возраста, социального статуса, места проживания и доходов, равный доступ к медицинской и лекарственной помощи.

Граждане имеют право на получение медицинской помощи в системе ОСМС при наличии взносов и отчислений в Фонд социального медицинского страхования.

Внедрение ОСМС осуществляется с 1 января 2020 года, поэтапно и в полном объеме медицинское страхование будет внедрено в 2022 году. До этого времени, согласно плану, будет проводиться весь комплекс необходимых мероприятий, включающий накопление достаточных средств в Фонде социального медицинского страхования, оптими-

зацию сети медицинских организаций, совершенствование первичной медико-санитарной помощи, развитие Службы общественного здравоохранения, подготовку и принятие необходимых нормативных правовых актов, корректировку тарифов на медицинские услуги, привлечение широкого круга поставщиков медицинских услуг (включая частные медицинские организации) для создания здоровой конкурентной среды и др.

Что даст новая система медицинского страхования?

Доступное лечение: получаете право на медицинскую помощь в любой, по вашему выбору, государственной или частной клинике в рамках пакета ОСМС.

Качественную медицинскую помощь: Фонд будет вести строгий отбор медорганизаций. Каждая клиника будет заинтересована в оказании высококвалифицированной помощи. Фонд будет платить больницам и поликлиникам деньги только за предоставление качественных медицинских услуг и жестко контролировать их оказание.

Бесплатные и доступные лекарства: вы имеете право на получение бесплатных лекарственных средств по видам заболеваний, установленным государством.

Защиту ваших прав и интересов: если вы столкнетесь с отказом в лечении или с плохим качеством услуг, то вы можете обратиться Фонд, и он будет защищать вас и отстаивать ваши интересы, назначать проверки по вашим обращениям и принимать меры.

Полную информацию о своем здоровье: Будет организована новая электронная система здравоохранения, в рамках которой вы будете иметь свой личный кабинет. В нем будет вся информация о ваших посещениях поликлиник, лечении в стационарах, результаты обследований и анализов, заключения врачей и их рекомендации.

Если вы или ваш работодатель регулярно делаете отчисления в Фонд социального медицинского страхования (Фонд), то вы становитесь участником этой программы.

Застрахованными считаются:

- наемные работники, за которых работодатель (с 01.07.2018г.) и сам работник (с 01.01.2020г.) осуществляет отчисления и взносы в Фонд;

- индивидуальные предпринимателя, частные нотариусы, адвокаты, частные судебные исполнители, профессиональные медиаторы (с 01.01.2020г. в размере 5% от 1,4МЗП)

- иные граждане, самостоятельно осуществляющие взносы в Фонд (с 01.01.2020г. в размере 5% от 1МЗП);

- льготные категории граждан, за которых взносы платит государство.

За наемных работников ежемесячно будет платить работодатель отчисления 1% с 2017 г. 1,5 % к 2018-2019гг., 2% с 2020г., 3% с 2022г. от объекта отчисления из собственных средств. А сами работники начинают платить с 2020 г. по 1% от своей месячной заработной платы, 2021 г. – 2%.

К лицам, взносы за которых платит государство, относятся следующие категории граждан:

- 1) дети;
- 2) лица, зарегистрированные в качестве безработных;
- 3) неработающие беременные женщины;
- 4) неработающие лица, воспитывающие детей (один из законных представителей ребенка) и до достижения им (ими) возраста трех лет;
- 5) лица, находящиеся в отпусках по беременности и родам, усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей), по уходу за ребенком (детьми) до достижения им (ими) возраста трех лет;
- 6) неработающие лица, осуществляющие уход за ребенком-инвалидом;
- 7) получатели пенсионных выплат, в том числе участники и инвалиды Великой Отечественной войны;
- 8) лица, отбывающие наказание по приговору суда в учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы (за исключением учреждений минимальной безопасности);
- 9) лица, содержащиеся в следственных изоляторах;
- 10) неработающие оралманы;
- 11) многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени;
- 12) инвалиды;
- 13) лица, обучающиеся по очной форме обучения в организациях среднего, технического и профессионального, послесреднего, высшего образования, а также послевузовского образования;
- 14) лица, ухаживающие за инвалидом 1 группы с детства;
- 15) лица, имеющие право на получение АСП (адресной социальной помощи).

Если вы не работаете, то вам необходимо обратиться в местные центры занятости, где вам предложат варианты трудоустройства. Если подходящей работы не будет, вас зарегистрируют в качестве безработного. В этом случае за вас будет платить государство в размере 1,4% от среднемесячной заработной платы, установленного в РК.

Имеют одинаковые с другими гражданами Казахстана **ОБЯЗАННОСТИ** по выплате взносов в **ФСМС** и **ПРАВА** на пакеты **ГОБМП** и **ОСМС** в полном объеме:

1. Наёмно работающие иностранные граждане обязаны вносить взносы через своих работодателей.
2. Самозанятые иностранные граждане обязаны самостоятельно вносить взносы через банки второго уровня или отделения «КазПочты».
3. Пенсионеры – иностранные граждане с видом на жительство в Казахстане будут застрахованы Государством Казахстан.
4. Иностранцы должны самостоятельно вносить и прикрепиться к одной из поликлиник.
5. Постоянно проживающие иностранные граждане с видом на жительство в Казахстане обязаны быть застрахованными в ФСМС.

Ауылдар тіршілігі жандануы үшін

Бұқар жырау ауданына қарасты Ақбел, Үміткер, Ақөре, Бұқар жырау, Керней ауылдарында 20-қыркүйектегі мәслихат сессиясына орай қыркүйек айының 6-жұлдызында уақытша комиссияның сессияға сұрақтар дайындауы бойынша семинар-кеңесі өтті.

Ақбел ауылындағы семинар-кеңес жұмысына аудандық мәслихат хатшысы А.Әли, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы М.Байғожин, аудандық жұмыспен қамту бөлімі басшысының міндетін атқарушы А.Жүнісова, жұмыспен қамту орталығы директорының міндетін атқарушы Н.Досаева, Ақбел ауылы әкімінің міндетін атқарушы С.Мырзабеков, бас маман Н.Алиленова қатысты.



Семинар-кеңестің мақсаты - ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құру, мүгедектердің өмір сапасын жақсарту, аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау, мемлекеттік атаулы көмекті алушы қанша, 2019 жылдың басынан тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілгендер саны, қайта даярлау курсынан өткен жұмыссыздардың саны, бағыты, жұмыспен қамтылуы, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту аясында ауылдарда жеке ісін ашу үшін шағын несие алушылар саны және бағыты, техникалық және кәсіптік, ЖОО орнын аяқтағандар - 29 жасқа дейінгі жастарды практикамен қамтамасыз ету, 29 жасқа дейінгі жастар, аз қамтылған және көп балалы отбасылар және еңбекке қабілетті мүгедектер ішінде жаңа бизнесті іске асыруға мемлекеттік грант алған адамдарды анықтау, жалпы ауыл тіршілігін жандандыру.

Сонымен бірге округ әкімдігінде "Жайылымдық жерлерді пайдалану және меңгеру жоспарының" болуы және оны бекіту бойынша аудандық мәслихаттың шешімі, ауыл тұрғындарымен түсінік беру мақсатында өткізілген кездесулер, нормаға сәйкес жайылымдарда жайылатын малдың азығын есептеу, жеке сектордың малын жаю үшін жайылым беру жиналыстарының хаттамалары, жеке сектордың малының жайылатын табындарына жайылым жер беру туралы округ әкімінің шешімі пайдалану кезеңін және жайылымдық жерлер-



дің желінуі туралы ақпарат берілуімен және өртке қарсы шаралардың өткізілуін көрсетумен құжаттардың міндетті түрде болуы.

Бақташылар мен мал иелерімен жасалған келісімнің болуы, фермерлік және шаруа қожалықтарына бекітілген жерлердің, жеке және заңды тұлғалардың жерді пайдаланулары бойынша бақылау шараларын өткізуі, жер пайдаланушылардың тексеру актілерінің болуы, шөп шабылатын және жайылымдардың даланың электронды карталарын жасау және цифрландыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Қоғамдық кеңес алдында жайылымдарды пайдалану және меңгеру жоспарының жүзеге асуы жөнінде жыл сайынғы есеп беру. Осының барлығы ауылдық округ-

тер әкімдері мен мамандардың атқаратын ауқымды жұмысы.

Ең алдымен ауыл әкімі ауылда тұратын табысы аз адамдарды анықтау, жоғары органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізу, жалғыздікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру жөнінде атқарып жатқан жұмысы туралы ақпарат берді.

Ауылда осы 9 ай ішінде 1 жұмыссыз тіркелген. Тұрақты жұмыс орнымен қамту 80 адам деп жоспарланса, бүгінде 47 адам жұмыспен қамтылған. Кәсіптік біліммен 3 адам қамтылған. Оның 2-і шаштараз, 1 маникюр шебері. "Бизнес Бастау" бағдарламасы бойынша курста 8 адам сертификат алып шыққан, "Жас кәсіпкер" бағдарламасы бойынша 3 адам оқыған. Тағы да екі жас оқуда. Осы адамдардың 5-уі кәсібін дамыту үшін шағын несие алады деп жоспарланған.

Бүгінгі таңда Құрама ауылының тұрғыны М.Самекин - "Ербол" ШҚ 4 млн шағын несие алып, 20 бас ірі қара мал сатып алса, А.Төкеев 3 млн 200 мың, Ақбел ауылының тұрғыны Д.Алиева 6 млн теңге несиеге қол жеткізген. Тағы да біршама кәсіпкерлер мал шаруашылығын ашу үшін құжаттар тапсырған екен.

Семинар-кеңесте қолдарына сертификат алып, жұмыс орнын ашқан адамдар ең алдымен аудандық салық бөліміне тіркелуі керектігі айтылды.

- Жастарды тәртіпке үйрету керек. Мемлекеттен несие алғандарды ең алдымен салық бөліміне тіркеу, қосымша жұмыс орындарын ашу, онда жұмыс істеген адамдарға ай сайын зейнет салығын төлеп отыру, шаруа қожалығын немесе жеке кәсіпкерлікті жауып тастауға болмайтынын айтып, халыққа дұрыс ақпарат беру - әкімдіктің ең бірінші кезектегі жұмысы. Бүгінгі біздің келуіміздің мақсаты - сіздерге ақпарат беру, жұмыстың тәртібін түсіндіру. Аудандық салық бөлімінен осы адамдардың тіркелгенін қадағалап, тексеру де сіздердің міндеттеріңіз, - деді Асхат Әли.

Ауылдық округ бойынша 10 отбасы, оның 7 ішінде көп балалы ана, 3 аз қамтылған отбасы адрестік әлеуметтік көмек алады. Оның ішінде 40- бала. Жалғыздікті қарттар саны - 2, күтушілері бар, еңбекке жарамсыз адамдар - 16. Скринингтен өту шаралары жүргізілген.

Онан соң семинар Үміткер ауылында жалғасын тапты. Жоғарыда аталған комиссия мүшелерінің құрамы толығып, әкімнің міндетін уақытша Ж.Қазыбекова, аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Е.Мәдениетов, бас маманы И.Гнусова, ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары А. Купенов келіп, мамандармен жұмыс жүргізді.

Аудандық жұмыспен қамту бөлімі басшысының міндетін атқарушы А.Жүнісова, жұмыспен қамту орталығы директорының міндетін атқарушы Н.Досаева осы саланың маманымен өз алдына жұмыс жүргізсе, жайылымдық және тыңайған жерлер туралы сұрақтарын И.Гнусова қойды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы 50603 га жердің 200га жерін "Әділ Шын" ШҚ басшысы өз еркімен тапсырған. "Дихан" ШҚ басшысы өз жұмысын тоқтатқан. "Сәт" ШҚ басшысы А.Алпысбаевқа жерді пайдаланбауы жөнінде ескерту жасалған.

Бұл ауылда жыл басынан 141 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Жұмыс атқарып жатқан 47 ШҚ бар. Қаржылай қолдау қорынан екі адам грант алған. Мемлекет қаржысынан алынған әрбір тиынды ұқыпты ұстау, орнымен пайдалану - әрбір ауыл адамының міндеті.

Атқан таңдағы заман талабы - шаруа қожалықтары ауыл адамдарына жұмыс орындарын ашулары қажет. Ә.Әли аудандық салық инспекциясымен жұмыс жасап, олардың өздеріне және жұмыскердің атына салық аударуларын бақылауды қатаң тапсырды.

Ауданымыз көлемінде мал шаруашылығын дамытамын деп, қомақты қаржы несие алып, ол қаражатты баласына той жасауға, көлік, үй алуға жұмсап жатқан азаматтар баршылық. Осындай адамдар өзінің меншігіндегі малды қожалық атына тіркеп жаза салады немесе біршама уақыттан соң шаруа қожалығының жұмысын жабады немесе тоқтатып қояды. Несиесін уақытылы төлей береді. Осындай жағдайлардың орын алмауы тікелей жергілікті билік органдары - әкімдер мен мамандардың жұмыс аясына жатады.

Ауылда 11, Үлгі ауылында 2 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады. М.Байғожин мүгедектердің жеке реабилитация бағдарламасы бойынша қамтылуын сұрады. Екінші, үшінші топтағы мүгедектер де жұмыспен қамтылуы тиіс екендігі айтылып, үй шаруашылығындағы әйелдердің зейнетақы қорына бір реттік әлеуметтік төлем төлеудің барысын сұрап, білді жұмыспен қамту мамандары..



Ақөре ауылындағы әкімдік ғимаратында комиссияны ауыл әкімі Ә.Мағауянов пен бас маман Е.Уахитова қарсы алды. Мұндағы ауылшаруашылық жерлері 55806 га, ауылда жерлерін пайдаланбай жатқан азаматтардың жерін тапсыру бойынша біршама жұмыстар атқарылған. "Айдар" ШҚ басшысы А.Күлжамбековтың қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылған. "Дидар" ШҚ иесі ауысып, А.Құсайынова қазіргі иесі болып табылып, "Еңбек" бағдарламасының екінші бағыты бойынша "Бейбарыс" ҚТ негізінде 2 жыл демалысы бар 6 пайыздық 6 млн несие алып, қазіргі уақытта 42 бас қара малды өсіріп жатыр. Екі жұмыс орнын ашып, заман талабына үн қосып отыр. Екінші "Амандық" шаруашылығының басшысы Д.Сакирова 350 га жердің иесі бола тұра бүгінде Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Осы жерге қатысты барлық құжаттар жиналып, 20 қыркүйекте басшымен актіге қол қою жоспарланған. Осыдан соң барлық құжаттар аудандық жер қатына-



стары бөліміне тапсырылатын болады дейді ауыл әкімі.

Бұқар жырау ауылы аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекен. Әкімнің міндетін атқарушы Жанат Капкенов. Округтің ауылшаруашылық жері 56 245, га ауылда 31 ШҚ, 4 ЖШС бар. 24 ШҚ, 2 ЖШС жұмыс істейді. 479 га жер мемлекетке қайтарылып, 105 га жерге көпжылдық шөп егілген. 322 га жердің басшысы ауысып, қайта рәсімдеу жүргізілуде. 125 га жер мемлекет иелігіне өтіп, биыл 105 га көпжылдық шөп егілген. Иесі қайтыс болған ШҚ-ға 886 га тыңайған жер тиесілі екенін айта кету керек. Округ аумағында олардың туған-туыстары тұрмауына байланысты, тың жерлерді заңдастыру немесе кейін қайтару бойынша үлкен кедергілер бар.

Ауылдың қарттарына, мүгедектеріне мемлекет тарапынан көрсетілетін қызмет түрлері бойынша мамандар құжаттармен жеке танысып, өз кеңестерін берді.

Керней ауылдық округінде (ауыл әкімі Е.Есентаев) шаруа қожалықтарының саны 55 бола тұра, 25 ШҚ иеліктеріндегі жерге мал ғана бағады. Пайдаланбай жатқан жерлер бойынша 13 сәйкестендіру актілері жасалған. Осының нәтижесінде шаруа қожалықтары 375, 4 га жерді өз еркімен тапсырған. Биылғы жылы тағы да мемлекетке 398, 5 га жер қайтарылған. Аталмыш ауылда жайылымдық жерді пайдалану, мал басын көбейту жолындағы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Округке қарасты Ақжар ауылында азаматтар мал шаруашылығын дамытып, нәтижелі еңбек етуде.

Әрбір ауылда біршама жұмыстар атқарылуда, бірақ атқарылатыны өлі де көп. Түсіндіру, жаңашылдыққа бағыттау жұмыстары өлі де жетіспейді. Сондықтан әрбір ауыл әкімдігі қызметкері ауылдастарымен кездесіп, ақпараттар беріп, күнделікті жаңалықтармен хабардар етіп, мал бағымы жерлерін бекітіп, ауыл адамына жұмыс тауып беру, көп балалы отбасы, мүгедегі бар үйлерге көмек қолын созып жұмысын атқарып жатса, осының бәрі ауыл адамына жасалған үлкен қамқорлық болады деген ойдамыз.

Қ.АХМЕТОВА

Д.Торжановтың суреттерінде: комиссия мүшелері жұмыс сәтінде.



В своем Послании Президент страны К.Токаев остановился на самых главных и

актуальных вопросах: укрепление государства, поддержка отечественного бизнеса, социальная защита населения, развитие экономики.

Президент отметил, что для того чтобы страна смогла выйти на новый уровень устойчивого развития, нужны новые подходы и новые решения. Для этого необходимо

Главные и актуальные вопросы

серьезно обновить социальную политику. Планируется конкретное решение острых социальных проблем, оказание помощи наиболее нуждающимся.

В Послании Глава государства ставит основную задачу воплотить в жизнь концепцию "Слышащего государства". Власть обязана слышать запросы людей, решать проблемы на местах, регулярно отчитываться перед гражданами. При принятии решений по стратегическим вопросам будет учитываться позиция большинства населения.

Ожидаются изменения в вопросе пенсионного обеспечения. Глава государства поручил Правительству до конца года проработать вопрос целевого использования работающими гражданами части своих пенсионных накоплений, например для покупки жилья или получения образования, что безусловно поможет повысить благосостояние граждан и создать прочный

фундамент для обеспеченной старости в будущем.

Очень правильным и важным считаю распоряжение Президента ужесточить наказание за сексуальное насилие, педофилию, распространение наркотиков, торговлю людьми, бытовое насилие против женщин и другие тяжкие преступления против личности, особенно против детей.

Важное значение имеет обеспечение качества и доступности медицинских услуг, развитие системы социальной поддержки, поддержка института семьи и детства, создание инклюзивного общества.

По всем направлениям Президент дал конкретные установки и распоряжения Правительству для дальнейшей работы.

**М.НУРЛАНОВ,
первый заместитель председателя районного филиала партии "Nur Otan"**



На прошедшем 6 сентября заседании политсовета районного филиала партии "Nur Otan" обсудили основные направления партийной перезагрузки и рассмотрели ход реализации предвыборной программы "Казахстан-2021: единство, стабильность, созидание".

Расширенный партийный сбор собрал в большом зале районного акимата членов бюро политсовета районного филиала партии, комиссии партийного контроля, общественного совета по противодействию коррупции, председателей первичных партийных организаций - акимов сельских округов, сел, поселков, членов депутатской фракции партии в районном маслихате, руководителей государственных учреждений и предприятий, представителей молодежного крыла "Jas Otan".

Открывая заседание политсовета, председатель районного филиала партии, аким района Шагурашид Мамалинов отметил, что на расширенном заседании Политического совета Лидер партии, Елбасы Нурсултан Назарбаев подчеркнул важную роль партии «Nur Otan» в процессе консолидации общества для достижения



стратегических целей развития страны. Первый Президент Казахстана говорил о необходимости системной партийной перезагрузки и определил задачи по повышению доверия общества к партии.

Более подробно об основных направлениях программы и задачах, стоящих перед членами партии, проинформировал первый заместитель председателя районного филиала партии Марат Нурланов.

